

**Уәкілетті органның қызметіне қанағаттанушылық деңгейін мониторингілеу мақсатында респонденттер мен пайдаланушыларға сауал салуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 15 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 26 желтоқсанда № 18046 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2023 жылғы 13 шілдедегі № 5 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 13.07.2023 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабы 6-1) тармақшасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 266-58) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Уәкілетті органның қызметіне қанағаттанушылық деңгейін мониторингілеу мақсатында респонденттер мен пайдаланушыларға сауал салуды жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарына жұмыс бабында басшылыққа алу үшін жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының орынбасарына (Г. М. Керімханова) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитетінің төрағасы*

*Н. Айдапкелов*

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитеті  
төрағасының  
2018 жылғы 26 желтоқсандағы  
№ 15 бұйрығымен бекітілді

## **Уәкілетті органның қызметіне қанағаттанушылық деңгейін мониторингілеу мақсатында респонденттер мен пайдаланушыларға сауал салуды жүргізу қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Уәкілетті органның қызметіне қанағаттанушылық деңгейін мониторингілеу мақсатында респонденттер мен пайдаланушыларға сауал салуды жүргізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабы 6-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және уәкілетті органның (бұдан әрі – ведомство) қызметіне қанағаттанушылық деңгейін мониторингілеу мақсатында респонденттер мен пайдаланушыларға сауал салуды жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар Заңда көрсетілген мәнінде қолданылады.

3. Респонденттер мен пайдаланушыларға сауал салуды ведомство ерікті негізде сауалнама жүргізу түрінде өткізеді.

4. Респонденттерге сауал салуды ведомство осы Қағидаларға 1-қосымшада келтірілген нысанға сәйкес жүзеге асырады.

Пайдаланушыларға сауал салуды ведомство осы Қағидаларға 2-қосымшада келтірілген нысанға сәйкес жүзеге асырады.

### **2-тарау. Респонденттер мен пайдаланушыларға сауал салуды жүргізу тәртібі**

5. Респонденттерге сауал салу тиісті жылға ведомство бекітетін Статистикалық жұмыстар жоспарына (бұдан әрі – Статистикалық жұмыстар жоспары) сәйкес ведомствоға және оның аумақтық органдарына алғашқы статистикалық деректерді ұсынатын респонденттер арасында өткізіледі.

6. Пайданушыларға сауал салу Статистикалық жұмыстар жоспарында көзделген көлемдерде, жыл сайын бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес таратылатын ресми статистикалық ақпараттың пайдаланушылары арасында өткізіледі.

7. Сауал салуға жататын респонденттер мен пайдаланушылардың тобын әр өңірден біркелкі кездейсоқ іріктемелі әдіспен ведомствоның тиісті құрылымдық бөлімшесі айқындайды.

8. Белсенді жұмыс істейтін заңды тұлғалардың кемінде 1%-ын құра отырып, бас жиынтықтың параметрлерінен және республика бойынша деректердің репрезентативтілігінен іріктеменің көлемі есептеледі.

9. Респонденттердің іріктемесі шағын, орта және ірі кәсіпорын өкілдерімен әр топта кем дегенде 10%-ы қамтамасыз етіледі.

10. Пайдаланушылардың іріктемесі пайдаланушылардың әр түрлі топтарының (мемлекеттік органдар, бизнес, оқу орындары және басқалары) өкілдерімен әр топта кем дегенде 10%-ы қамтамасыз етіледі.

11. Респонденттер мен пайдаланушыларға сауал салудың жүргізілуі туралы жыл сайын 1 маусымнан кешіктермей:

- 1) электрондық пошта;
- 2) ведомствоның ресми интернет-ресурсы;
- 3) телефонмен хабарландыру;

4) аумақтық статистика органдарының қызметкерлерімен және (немесе) интервьюермен жеке байланыс арқылы хабарланады.

12. Хабарлау кезінде сауал салудың тақырыбы және мақсаты көрсетіледі.

13. Респонденттер мен пайдаланушыларға сауал салу бойынша сауалнамалар мынадай тәсілдердің бірімен:

- 1) байланыс арналары арқылы электрондық түрде;
- 2) телефон арқылы сауал салуды жүргізудің компьютерлендірілген жүйесі арқылы;

3) қағаз жеткізгіштерде қолма-қол;

4) интервьюердің жеке сауал салуды жүргізуі арқылы ұсынылады.

14. Респонденттер мен пайдаланушыларға сауал салу нәтижелерін ведомствоның басшысына тиісті құрылымдық бөлімшесімен есепті жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірмей ұсынады.

15. Респонденттер мен пайдаланушыларға сауал салу нәтижелері бойынша ведомствоның жұмысын жақсартатын ұсыныстар жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысандарын актуалдандыру, Статистикалық жұмыстар жоспарын қалыптастыру кезінде ескеріледі.

Уәкілетті органның қызметіне қанағаттанушылық деңгейін мониторингілеу мақсатында респонденттер мен пайдаланушыларға сауал салуды жүргізу қағидаларына 1- қосымша форма нысан



Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитеті

Респонденттерге сауал салу (сауалнама)  
Опрос респондентов (анкета)

**Құрметті респондент!** Сізден осы сауалнаманы толтыруыңызды сұраймыз. Алынған мәліметтер статистика органдарының жұмысын жақсарту үшін пайдаланылатын болады. **Уважаемый респондент!** Просим Вас заполнить данную анкету. Полученные сведения будут использованы для улучшения работы органов статистики.

Аумақтық статистика органына тапсырылады  
Представляется территориальному органу статистики

Жылына бір рет  
Один раз в год

Статистикалық нысандарды тапсыратын заңды және жеке тұлғалар тапсырады  
Представляют юридические и физические лица, представляющие статистические формы

Тапсыру мерзімі 10 қыркүйекке дейін  
Срок представления до 10 сентября

- |    |   |   |   |
|----|---|---|---|
| 1. | Кәсіпорынның нақты мекен-жайын көрсетіңіз<br>Укажите, пожалуйста, фактический адрес предприятий   | Тізімнен таңдау<br>Выбрать из списка                    |   |
| 2. | Статистикалық нысандарды қандай түрде тапсырасыз?<br>В каком виде Вы сдаете статистические формы? | Электрондық<br>В электронном<br><br>Қағаз<br>В бумажном | <input type="checkbox"/> →<br>№ 4 сұраққа көшу<br>Переход к вопросу № 4<br><br><input type="checkbox"/> |

3. Статистикалық нысандарды электрондық түрде тапсырмауыңыздың себебін көрсетіңіз? Укажите причину, по которой Вы не сдаете статистические формы в электронном виде?
- Ресурстардың ( техниканың, мамандардың, интернет желісімен қамту аймағының және т.б.) шектеулігі
- Ограниченность ресурсов (техники, специалистов, зоны покрытия сети интернет и т.д.)
- Техникалық себептер (байланыс сапасы, есептілікті электрондық тапсыру жүйесіндегі істен шығулары және т.б.)
- Технические причины (качество связи, сбои в системе электронной сдачи отчетности и т.д.)
- Қағаз түрінде тапсыруды қалаймын
- Предпочитаю сдавать в бумажном виде
4. Қандай статистикалық нысандарды толтыру ең қиын? Укажите, какие статистические формы наиболее трудно заполнять?
- Тізімнен таңдау
- Выбрать из списка
5. Сіз берген деректердің құпиялылығы жеткілікті қамтамасыз етілген бе? Достаточно ли обеспечена конфиденциальность Ваших данных?
- Иә
- Да
- Жок
- Нет
- Сіз Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика
- Иә
- Да

6. министрлігі  
Статистика комитеті  
интернет-ресурсын  
ың " Респонденттерге"  
айдарын пайдаланасыз ба?  
Пользуетесь ли Вы Жок  
рубрикой "Для Нет  
респондентов"  
Интернет-ресурса  
Комитета по  
статистике  
Министерства  
национальной  
экономики  
Республики  
Казахстан?
7. Сізге қажетті  
ақпарат " Иә  
Респонденттерге" Да  
айдарында бар ма?  
Имеется ли в  
рубрике "Для  
респондентов" Жок  
необходимая для Нет  
Вас информация?  
Қазақстан  
Республикасы  
Ұлттық экономика  
министрлігі  
Статистика комитеті  
интернет-ресурсын  
ың "
8. Респонденттерге"  
айдарына нені қосу  
кажет деп  
санайтыныңызды  
хабарлаңызшы  
Пожалуйста,  
сообщите, что  
считаете  
необходимо  
включить в рубрику  
"Для респондентов"  
Интернет-ресурса  
Комитета по  
статистике  
Министерства  
национальной  
экономики  
Республики  
Казахстан
- № 9 сұраққа көшу  
Переход к вопросу № 9
- № 9 сұраққа көшу  
Переход к вопросу № 9
-

9. Сіз статистика Иә   
 органдарына кеңес Да   
 алуға жүгінесіз бе?  →  
 Обращаетесь ли Вы Жок  
 за консультацией в Нет  
 органы статистики? № 11 сұраққа көшу  
 Переход к вопросу  
 № 11

10. Статистика Статистикалық  
 органдарына кеңес нысандарды  
 алу үшін қандай толтыру бойынша  
 сұрақпен жиі консультация   
 жүгінетіңізді Консультация по  
 хабарлаңызшы заполнению  
 статистических  
 форм  
 Пожалуйста, Сайт бойынша  
 сообщите, с каким навигация   
 вопросом Вы чаще Навигация по сайту  
 всего обращаетесь в  
 органы статистики Техникалық  
 за консультацией сұрақтар бойынша   
 По техническим  
 вопросам

11. Қазақстан  
 Республикасы  
 Ұлттық экономика  
 министрлігі  
 Статистика  
 комитетінің  
 жұмысын жақсарту  
 үшін не істеу қажет  
 д е п  
 санайтыныңызды  
 хабарлаңызшы  
 Пожалуйста, что  
 считаете нужным  
 сделать для  
 улучшения работы  
 Комитета по  
 статистике  
 Министерства  
 национальной  
 экономики  
 Республики  
 Казахстан

сауал салудың соңы  
конец опроса

**Ынтымақтастығыңыз үшін алғыс білдіреміз! Благодарим за сотрудничество!**

Уәкілетті органның қызметіне  
 қанағаттанушылық деңгейін  
 мониторингілеу мақсатында  
 респонденттер мен

пайдаланушыларға  
сауал салуды жүргізу  
қағидаларына  
2-қосымша  
форма  
нысан



Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитеті

Пайдаланушыларға сауал салу (сауалнама)  
Опрос пользователей (анкета)

**Құрметті ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушы! Сізден осы сауалнаманы толтыруыңызды сұраймыз. Алынған мәліметтер статистика органдарының жұмысын жақсарту үшін пайдаланылатын болады. Уважаемый пользователь официальной статистической информации! Просим Вас заполнить данную анкету. Полученные сведения будут использованы для улучшения работы органов статистики.**

Аумақтық статистика органына тапсырылады

Представляется территориальному органу статистики

Жылына бір рет

Один раз в год

Ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушылар тапсырады

Представляют пользователи официальной статистической информации

Тапсыру мерзімі 10 қыркүйекке дейін

Срок представления до 10 сентября

- |    |  |                          |
|----|--|--------------------------|
|    | Мемлекеттік органдар   | <input type="checkbox"/> |
|    | Государственные органы   | <input type="checkbox"/> |
| 1. | Сіз пайдаланушылардың қандай санатына жатасыз?   | <input type="checkbox"/> |
|    | Бизнес   | <input type="checkbox"/> |
|    | Оқу орындары, ҒЗИ  | <input type="checkbox"/> |
|    | Учебные заведения, НИИ   | <input type="checkbox"/> |
|    | Басқасы  | <input type="checkbox"/> |
|    | Другое   | <input type="checkbox"/> |
|    | Негізінде қанағаттанамын   | <input type="checkbox"/> |
|    | В основном удовлетворен  | <input type="checkbox"/> |
| 2. | Сіз қолжетімді (жарияланған) статистикалық ақпараттың көлемімен қаншалықты қанағаттанасыз? | <input type="checkbox"/> |
|    | Жартылай қанағаттанамын  | <input type="checkbox"/> |
|    | Частично удовлетворен  | <input type="checkbox"/> |
|    | Насколько Вы удовлетворены объемом доступной (публикуемой) статистической информации?      | <input type="checkbox"/> |
|    | Қанағаттанбадым  | <input type="checkbox"/> |
|    | Не удовлетворен  | <input type="checkbox"/> |
|    | Жауап беруге қиналамын   | <input type="checkbox"/> |



3. Сіз ақпарат ұсыну нысанымен қаншалықты қанағаттандыңыз?  
Насколько Вы удовлетворены формой представления информации?
- Затрудняюсь ответить
- Негізінде қанағаттандым
- В основном удовлетворен
- Жартылай қанағаттанамын
- Частично удовлетворен
- Қанағаттанбадым
- Не удовлетворен
- Жауап беруге қиналамын
- Затрудняюсь ответить
- Басқасын көрсетіңіз  
Другое, укажите
- \_\_\_\_\_
- \_\_\_\_\_
4. Мемлекеттік статистика деректеріне сенім деңгейін бағалаңыз.  
Оцените уровень доверия данным государственной статистики.
- Сенемін
- Доверяю
- Негізінде сенемін
- В основном доверяю
- Жартылай сенемін
- Частично доверяю
- Сенбеймін
- Не доверяю
- Жауап беруге қиналамын
- Затрудняюсь ответить
5. Ақпаратты қандай тәсілмен алғыңыз келеді?  
Каким способом хотели бы получать информацию?
- Статистика органдарының Интернет-ресурсында
- Н а Интернет-ресурсе органов статистики
- Қағаз жеткізгіште
- На бумажном носителе
- Электрондық тарату бойынша
- По электронной рассылке

Басқасын көрсетіңіз

Другое, укажите

6. Сіз Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) Интернет-ресурсын пайдаланасыз ба?
- Иә
- Да
7. Пользуетесь ли Вы Интернет-ресурсом Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан – [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)?
- Жок
- Нет
8. Сізге қажетті ақпарат [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) Интернет-ресурсында бар ма?
- Иә
- Да
- Имеется ли на Интернет-ресурсе [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) необходимая для Вас информация?
- Жок
- Нет
8. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің және аумақтық органдарының жұмысын одан әрі жетілдіру үшін Сіздің көзқарасыңыз бойынша не қажет?
- Что, на Ваш взгляд, необходимо для дальнейшего совершенствования работы Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан и территориальных органов?
- сауал салудың соңы  
конец опроса

**Ынтымақтастығыңыз үшін алғыс айтамыз! Благодарим за сотрудничество!**